

Аналар мектебі

Мақсаты:

Аналардың бала тәрбиесіндегі маңызын айқындау
Отбасылық дәстүрлер мен ұлттық тәрбиені нығайту
Баланың жан-жақты дамуына қолдау көрсету

№	Ай	Іс-шара тақырыбы	Форматы	Мақсаты
1	Қыркүйек	«Ана – мейірімшұағы»	Психологиялық тренинг	Ана мен бала арасындағы эмоциялық байланысты нығайту
2	Қазан	«Дәмді тағамдар шеберлігі»	Шеберлік сыныбы	Ұлттық тағамдар әзірлеу
3	Қараша	«Бала қауіпсіздігі – басты назарда»	Әңгіме, бейнеролик	Үйдегі және серуендегі қауіпсіздік
4	Желтоқсан	«Қысқы ертегілер әлемі»	Шығармашылық кеш	Бірлескен ертегі құрастыру, сахналау
5	Қаңтар	«Денсау бала – бақытты отбасы»	Дәрігер кеңесі	Баланың денсаулығын сақтау жолдары
6	Ақпан	«Ана және өнер»	Көрме	Аналардың қолөнер туындылары
7	Наурыз	«Наурыз дастарханы»	Ұлттық мереке	Дәстүрлі тағамдар мен салттарды таныстыру
8	Сәуір	«Көгалдандыру күні»	Экологиялық акция	Мектеп алаңын гүлдендіру
9	Мамыр	«Анам – менің тірегім»	Қорытынды кеш	Жылдық жұмысты қорытындылау

Әдіскер



А.А.Мусаева

ЖШС «Абзал» бөбекжай бақшасы

Бекітемін:
«Абзал» бөбекжай бақшасы
Менгерушісі *М.И. Малдыбаева*



«АНАЛАР» мектебі

2025-2026 оқу жылы

ЖШС «Абзал» бөбекжай бақшасы

17.10.2025ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Дәмді тағамдар шеберлігі»

Бұл шеберлік сыныбының мақсаты – отбасындағы дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, балалар денсаулығына пайдалы тағамдарды насихаттау және ұлттық тағамдардың тәрбиелік мәнін түсіндіру болды. Іс-шара барысында аналар пайдалы әрі құнарлы тағам дайындаудың тиімді жолдарын көрсетіп, балаларға арналған дәруменге бай ас мәзірлерімен таныстырды.

Шеберлік сыныбында ұлттық тағамдардың жасалу ерекшеліктері, олардың адам денсаулығына пайдасы және отбасы дастарханындағы тәрбиелік орны жөнінде кеңінен айтылды. Сонымен қатар ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне сай дұрыс тамақтану тәртібін сақтау, фаст-фуд өнімдерінің зияны және табиғи өнімдерді тұтынудың маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара соңында ата-аналар арасында тәжірибе алмасу ұйымдастырылып, отбасылық дастархан мәдениетін қалыптастырудың бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше екендігі атап өтілді.

ЖШС «Абал» бөбекжай бақшасы

15.09.2025ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Ана – мейірім шуағы»

Аталған іс-шараның негізгі мақсаты – отбасы тәрбиесіндегі ананың ерекше орнын айқындау, ана мен бала арасындағы эмоционалдық байланысты нығайту және ата-аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігін арттыру болып табылады. Психологиялық тренинг барысында аналардың балаға деген сүйіспеншілігі, мейірімі, қамқорлығы және рухани қолдауы баланың тұлғалық қалыптасуына тікелей әсер ететіні жан-жақты түсіндірілді. Іс-шара барысында түрлі психологиялық жаттығулар, сенім мен қарым-қатынасты нығайтатын ойындар, пікір алмасу жұмыстары ұйымдастырылды. Аналар өздерінің бала тәрбиесіндегі тәжірибелерімен бөлісіп, отбасындағы жылы қарым-қатынастың маңыздылығы жөнінде ой қозғады. Сонымен қатар баланың эмоционалдық жай-күйіне ата-ананың қарым-қатынасы мен отбасы атмосферасының әсері туралы кеңінен айтылды.

Тренинг нәтижесінде ата-аналардың балаға деген мейірімділік пен түсіністік қатынасы артып, отбасы құндылықтарын сақтау мен ұлттық тәрбиені дәріптеу қажеттілігі туралы ортақ қорытынды жасалды.

10.11.2025ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Бала қауіпсіздігі – басты назарда»

Іс-шараның мақсаты – балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау, қауіпсіздік ережелерін сақтау мәдениетін қалыптастыру және ата-аналардың жауапкершілігін арттыру болды. Өңгіме және бейнеролик көрсету арқылы балалардың тұрмыстық жағдайда, көшеде, көлікте, табиғат аясында және интернет кеңістігінде кездесетін қауіп-қатерлердің алдын алу жолдары түсіндірілді.

Ата-аналарға төтенше жағдай кезінде әрекет ету жолдары, алғашқы медициналық көмек көрсету, жол жүру ережелерін сақтау және баланы қараусыз қалдырмаудың маңыздылығы туралы жан-жақты мәлімет берілді. Сонымен қатар қазіргі замандағы интернет қауіпсіздігі, балалардың гаджеттерді дұрыс қолдануы және киберқауіпсіздік мәселелері де қарастырылды.

Іс-шара барысында ата-аналар өз пікірлерін ортаға салып, бала қауіпсіздігін қамтамасыз етуде отбасы мен балабақшаның бірлескен жұмысы маңызды екендігі туралы қорытындыға келді.

11.02.2026ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Ана және өнер»

Көрме түрінде өткізілген бұл іс-шараның негізгі мақсаты – аналардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, балалардың өнерге деген қызығушылығын арттыру және ұлттық мәдени мұраны насихаттау болды. Көрмеге аналардың қолынан шыққан түрлі қолөнер бұйымдары, суреттер, тігін жұмыстары, ұлттық нақыштағы сәндік заттар қойылды.

Іс-шара барысында өнердің бала тәрбиесіндегі рөлі, шығармашылық әрекеттің баланың ойлау қабілеті мен эстетикалық талғамын дамытуға ықпалы туралы кеңінен айтылды. Сонымен қатар ата-аналар мен балалардың бірлескен шығармашылық жұмыстары отбасы ішіндегі ынтымақтастық пен өзара түсіністікті нығайтатыны атап өтілді.

Көрме соңында қатысушылардың жұмыстарына оң баға беріліп, ұлттық қолөнерді дәріптеу мен шығармашылық белсенділікті арттыру жөнінде ұсыныстар айтылды.

ЖШС «Абзал» бөбекжай бақшасы

14.05.2026ж.

Анықтама

Тақырыбы: «Анам – менің тірегім»

Қорытындыкештіңнегізгімаксаты – аналарғақұрметкөрсету, жылбойыатқарылғанжұмыстардықорытындылаужәнеотбасықұндылықтарын дәріптеуболды. Іс-шара барысындабалалараналарғаарнапөлеңдерокып, әндерайтып, бибилеп, өзөнерлерінкөрсетті.

Кештеананың бала өміріндегіорны, тәрбиедегіжауапкершілігіжәнеотбасыбірлігінсақтаудағырөлітуралытағылымдыойларайтылды. Соныменқатарата-аналардыңбалабақшаөмірінебелсендіқатысуыныңбалалардыңжан-жақтыдамуынаоңсерететініерекшеатапөтілді.

Жылбойыұйымдастырылғаніс-шаралардыңнәтижесіндеата-аналар мен педагогтерарасындатығызбайланысорнап, балалардыңтәрбиесі мен дамуынабірлескенқолдаукөрсетуіжұмыстарыныңтиімділігібайқалды.

Қорытындыкешата-аналарғаалғысбілдіруменжәнебалалардыңжарқынөнеркөрсетуіменаяқталды.